

Университет

№3 (144)
4.03.2015

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің газеті



Мұхтар Әуезов

60

жыл

Құрметті Жамбыл Талхаұлы!

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен университет ұжымы шын жүректен құттықтайды!

Сіздің Қазақстан Республикасының ғылымы мен білімінің дамуына қосқан үлесіңізді зор деп білеміз. Өзіңіздің бойыңыздағы бар күш-жігеріңіз бен терең біліміңізді, бай ұйымдастырушылық тәжірибеңізді ел игілігіне, болашақ ұрпақ тәрбиесіне арнап, талмай атсалысып келесіз! Ұлағатты ұстаз, білікті ғалым, іскер ұйымдастырушы, текті тұлға ретінде бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп келесіз!

Сүйікті оқу ордамыздың еліміздегі жетекші ғылыми-зерттеу және білікті білім беру орталығына айналып, қарқынды дамуында, Сіздің университет қабырғасындағы көптеген жылдар бойы жасаған еңбегіздің үлесі мол.

Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен құттықтай отырып, сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық тілейміз! Абыройыңыз артып, еңбегіңіз жана берсін! Алдағы уақытта да Тәуелсіз Қазақстан үшін атқаратын берекелі істеріңізге үлкен табыс, барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың ректораты